

Кеден одағының "Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне өзгерістерді қолданысқа енгізу тәртібі туралы (ТР КО 034/2013)

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 15 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің № 98-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиясы жұмысының регламентіне тіркелген № 2-қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті**:

1. Белгіленсін:

а) 2023 жылғы 27 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 98-шешімімен 2013 жылғы 9 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 68 шешімімен қабылданған "Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (бұдан әрі – өнім) Кеден одағының техникалық регламентінде (КО ТР 034/2013) белгіленген міндетті талаптарға өзгерістер енгізілген өнімнің сәйкестігін бағалау туралы құжаттар (мәліметтер), 2023 жылғы 27 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 98-шешімі күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған болса, олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды;

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген сәйкестікті бағалау туралы құжаттар болған кезде өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндіруге және айналысқа шығаруға осындай құжаттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жол беріледі;

в) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың қолданылу кезеңінде айналысқа шығарылған өнімнің айналысына оны дайындаушы белгілеген өнімнің жарамдылық мерзімі ішінде жол беріледі.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2023 жылғы 27 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 98-шешімі күшіне енген күннен ерте емес күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев